

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 14 қарашадағы № 304 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 қарашада № 3989 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 15 қаңтардағы № 4 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 15.01.2019 № 4 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14813 болып тіркелген) бекітілген асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 5-тармағына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарлары азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату бағыттары бойынша субсидиялау нормативтері;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарлары азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату бағыттары бойынша өлшемдері мен талаптары;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері мен нормативтері;

4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бағыттары бойынша субсидиялау көлемдері мен нормативтері бекітілсін.

2. Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 11 қарашадағы № 366 "Мал шаруашылығы саласын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3392 болып тіркелген, 2015

жылы 22 желтоқсанда "Атырау" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары С.Ж. Нақпаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімінің
міндетін атқарушы*

С. Лұқпанов

Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы " 14" қарашадағы № 304 қаулысына 1-қосымша

Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы " 14" қарашадағы № 304 қаулысымен бекітілген

Ауыл шаруашылығы жануарлары азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату бағыттары бойынша субсидиялау нормативтері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Шығындар нормативтері, теңге	Субсидиялау нормативтері, теңге
1.	сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малдың аналығы (жыл бойы қорада күтіп баққан жағдайда)	бас	332 920	329 590 дейін
2.	сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының аналығы	бас	167 429	82 040 дейін
3.	селекциялық және асыл тұқымдық жұмысқа тартылған ірі қара малдың аналығы	бас	31 101	15 239 дейін
4.	селекциялық және асыл тұқымдық жұмысқа тартылған қойлардың аналық басы	бас	2 877	1409 дейін
5.	сүт бағытындағы аналық ешкілер	бас	29 640	14 523 дейін
6.	жылқылар	бас	36 908	18 084 дейін
7.	түйелер	бас	83 744	41 034 дейін

Ескертпе:

субсидиялар нормативтері осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің келісімі бойынша облыс әкімдігінің қаулысымен, бірақ, қолдан ұрықтандыруды және сүтті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малды жыл бойы қорада күтіп-баққан жағдайда, азыққа жұмсалған шығындар құнын арзандатуды қоспағанда, шығындардың 50%-ынан аспайтын мөлшерде бекітіледі.

субсидиялар нормативі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынған ауылшаруашылығы жануарларының бір басына арналған тікелей өндірістік шығындар нормативтері негізінде айқындалады.

Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы "14" қарашадағы № 304 қаулысына 2-қосымша

Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы "14" қарашадағы № 304 қаулысымен бекітілген

Ауыл шаруашылығы жануарлары азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату бағыттары бойынша өлшемдер мен талаптар

№	Субсидиялау бағыты	Өлшемдер мен талаптар
1	сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малдың аналығы (жыл бойы қорада күтіп баққан жағдайда)	Кемінде 400 бас бағымдағы сауын сиыры бар сүт тауарлы фермалары . жануарлардың мал басын бірдейлендіру номерлерінің болуы және АТЖ мен АЖС-да тіркелуі; тиісті инфрақұрылым, механикаландырылған сауу, көң шығару және азық тарату, автосуару мен азық цехі бар сүт кешенінің болуы . ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу
2	сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малының аналығы	Кемінде 50 бас бағымдағы сауын сиыры бар сүтті тауарлы ферма ; жануарлардың мал басын бірдейлендіру номерлерінің болуы және АТЖ мен АЖС-да тіркелуі; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу
3	селекциялық және асылдандыру жұмысына қатынасқан ірі қара малының аналық басы	селекциялық және асылдандыру жұмысына қатынасқан ірі қара малының аналық басы; жануарлардың мал басын бірдейлендіру номерлерінің болуы және АТЖ мен АЖС-да тіркелуі; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу
4	селекциялық және асыл тұқымдық жұмысқа қатынасқан қойлардың аналық басы	селекциялық және асыл тұқымдық жұмысқа қатынасқан қойлардың аналық басы жануарлардың мал басын бірдейлендіру номерлерінің болуы және АТЖ мен АЖС-да тіркелуі; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу
5	сүт бағытындағы аналық ешкілер,	жануарлардың мал басын бірдейлендіру номерлерінің болуы АЖС-да тіркелуі; ешкілердің күтіп-бағуға арналған үй-жайлардың болуы ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу
		меншігіндегі жылқының аналығы 75 бастан кем емес; жануарлардың мал басын бірдейлендіру номерлерінің

6	жылқы шаруашылығы	болуы ветеринариялық, іс-шараларды зоотехникалық есепті жүргізу	АЖС-да ветеринариялық-санитариялық ұйымдастыру және жүзеге асыру,	тіркелуі;
7	түйе шаруашылығы	меншігіндегі түйенің аналығы 75 бастан кем емес; жануарлардың мал басын бірдейлендіру номерлерінің болуы ветеринариялық, іс-шараларды зоотехникалық есепті жүргізу	АЖС-да ветеринариялық-санитариялық ұйымдастыру және жүзеге асыру,	тіркелуі;

Ескерту: аббревиатураның толық жазылуы:

АТЖ- селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізудің бірыңғай ақпараттық базасы.

АЖС-ауылшаруашылығы жануарларын сәйкестендіру.

Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы "14" қарашадағы № 304 қаулысына 3-қосымша

Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы "14" қарашадағы № 304 қаулысымен бекітілген

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері мен нормативтері

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімдігінің 23.02.2018 № 16 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге
Етті мал шаруашылығы					
1	Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу				
1.1	Тауарлы аналық бас				
1)	Базалық норматив	бас	10000	13980	139800,0
	Қосымша норматив				
2)	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	8000	1500	12000,0
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	6000	1500	9000,0
1.2	Асыл тұқымды аналық бас				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	550	5500,0
	Қосымша норматив				
	80%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20000	160	3200,0

2)	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15000	245	3675,0
2.	Асыл тұқымды ірі қара малдарын сатып алу*	бас	150 000	530	79500,0
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Асыл тұқымды аналық бас				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	1100	11000,0
	Қосымша норматив				
2)	70%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	20 000	400	8000,0
	60%-дан бастап (қоса алғанда) төл беру шығымы	бас	15 000	420	6300,0
Қой шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1)	асыл тұқымды қойлардың аналық басы	бас	2 500	35 500	88750,0
2)	тауарлы қойлардың аналық басы	бас	1 500	14 500	21750,0
2.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу *				
1)	тұқымдық қошқарлар	бас	20000	500	10000,0
2)	тұсақтар	бас	8000	1000	8000,0
Жылқы шаруашылығы					
1	Асыл тұқымды айғырлар сатып алу *	бас	100 000	20	2000,0
2	Асыл тұқымды аналық бас сатып алу *	бас	40 000	50	2000,0
Түйе шаруашылығы					
1	Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу *	бас	100 000	10	1000,0
2	Асыл тұқымды аналық бас сатып алу *	бас	40 000	25	1000,0
	Жиынтығы:				412475,0

Ескертпе:

* асыл тұқымды жануарларды сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оны сатып алу құнының 50%-ынан аспайтын мөлшерде субсидияланады.

Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы " 14" қарашадағы № 304 қаулысына 4-қосымша

Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы " 14" қарашадағы № 304 қаулысымен бекітілген

Мал шаруашылығы өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері мен нормативтері

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімдігінің 23.02.2018 № 16 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидия нормативі, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Сүт өндірудің құнын арзандату **				
1)	жемдік мал басы 400 бастан басталатын шаруашылықтар	килограмм	37	24532430	90 770,0
2)	жемдік мал басы 50 бастан басалатын шаруашылықтар	килограмм	15	250000	3 750,0
3)	ауыл шаруашылығы кооперативтері	килограмм	10	50000	500,0
Қой шаруашылығы					
1.	Қозы етін өндіру құнын арзандату**	бас	1 500	2000	3 000,0
Жылқы шаруашылығы					
1)	Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	килограмм	101	250000	25250,0
2)	Жылқы етін өндіру құнын арзандату	килограмм	222	30000	6660,0
Түйе шаруашылығы					
1)	Түйе сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	килограмм	111	260000	28860,0
2)	Түйе етін өндіру құнын арзандату	килограмм	204	10000	2040,0
Ешкі шаруашылығы					
1)	Ешкі сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	килограмм	91	120000	10920,0
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1.	Тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату *****				
1)	50 млн. данадан басталатын нақты өндіріс	дана	2,2	29194090	64 227,0
2)	бөдене жұмыртқаларын өндіру құнын арзандату	дана	2,5	1000000	2500,0
Мал шаруашылығы					
1.	Ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату	бас	20 000	300	6000,0
Жиынтығы:					244477,0

Ескертпе:

***** ауыл шаруашылығы өнімнің нақты өндірісі өткен жылдың 24-сх нысаны бойынша өткен жылдың статистикалық деректерімен айқындалады;

** осы Қағидаларға 5-тармаққа сәйкес Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің келісімі бойынша белгіленген нормативтен жергілікті бюджеттен және/немесе басқа бюджеттік бағдарламалардан бөлінген кезде қосымша бюджеттік қаражат бөлінгенде субсидиялау нормативін ұлғайту 50% -ға дейін рұқсат етіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК